



# БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ПАСПОРТЫ

## 7М01513 Биология педагогтарын даярлау

**Білім беру  
бағдарламасының  
мақсаты**

Қазіргі метапәндік, коммуникативтік, сандық, құзыреттіліктерді меңгерген, педагогикалық қызмет саласындағы әлеуметтік маңызы бар міндеттерді заманауи ғылыми-практикалық деңгейде шығармашылықпен және жоғары кәсіби түрде шешімін таба алатын, сондай-ақ жоғары әлеуметтік және азаматтық жауапкершілігі бар биолог педагогтарын даярлау

**Кәсіби қызмет  
саласы**

Ғылыми-зерттеу қызметі, мемлекеттік реттеу, педагогикалық қызмет

## Оқыту нәтижелері (ОН)

**ОН 1** - өздерінің кәсіби құзыреттілігі саласындағы міндеттерді қою және шешу, биологияның әртүрлі бағыттарының дамуына әсер ететін факторларды анықтай білу;

**ОН 2-** теориялық және әдіснамалық талдау дағдыларын меңгеру, болжау және жоспарлау әдістерін практикада қолдана білу, сондай-ақ зерттеу және практикалық міндеттерді шешу үшін мамандық бойынша білімді және пәнаралық білімді жүйелей білу;

**ОН 3-** биологиялық білімнің қазіргі жағдайына әсер ететін стратегиялық сыртқы, ішкі факторларды сыни бағалау және жаңа идеяларды қозғай білу мүмкіндіктерінің болуы;

**ОН 4** -ғылыми зерттеуді ұйымдастыру ұстанымдарын, ғылыми білімге қол жеткізу және құру тәсілдерін біледі;

**ОН 5** - оқу-тәрбие үрдісін модельдеуге және оқыту практикасында іске асыруға қабілетті;

**ОН 6** - биология бойынша ғылыми зерттеулер жүргізу;

**ОН 7-** ақпараттарды алу, сақтау мен өңдеудің негізгі әдістерін, тәсілдері мен құралдарын қолданады; компьютермен, оның ішінде жаһандық компьютерлік желілерде жұмыс істеу дағдыларын меңгерген;

**ОН 8-** биология саласындағы қазіргі заманғы ақпараттарды талдау және өз ойларын ана тілінде дәйекті, сауатты түрде тұжырымдап айта алады, ғылыми мәтіндермен жұмыс істеу және көпшілік алдында сөйлеу үшін қазақ (орыс), шет ел тілдерінде ауызша және жазбаша сөйлеу дағдыларын меңгерген.